**Автор**: Таскумбаева Жанна Самуратовна
**Пән**: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Біздің өмірімізде алгоритмдер
**Тақырып**: Лабиринт. Виртуалды лабиринт

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | • Орындаушылар мен жүйелік командалар мысалдарын келтіру;<br>• Алгоритмді ауызша түрде ұсыну |
| Сабақтың мақсаты: | алгоритмді ауызша түрде ұсыну;<br>лабиринттан өту үшін бағыт құру |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар алгоритмді өту алгоритмін суреттей алады<br>Диалог пен хатқа арналған пайдалы сөздер:<br>Егер… (шарт), онда …<br>Аталмыш мәселені шешу үшін мен …<br>Ұсыныстарды таныстру үшін мен келесіні таңдадым …<br>Менің бағдарламам келесі командалардан тұрады … |
| Бағалау критерийлері: | алгоритм анықтамасын тұжырымдау<br>алгоритмді ауызша түрде ұсыну<br>орындаушылар мен жүйелік командалар мысалдарын келтіру<br>оңтайлы бағыт табу |
| Құндылықтарды дарыту: | Өмір бойы оқу, бірін бірі бағалау |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Презентация, бейнеролик |
| Пәнаралық байланыс: | Логика, математика |
| Бастапқы білім: | Осы сабақ алдында оқушылар нені білді және нені білу қажет? (негізгі , фактілер, формулалар, теориялар)  Қолданыстағы білімді қалай жетілдіруге болады? |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (7 мин) | Ұйымдастыру сәті Оқушылармен амандасу, қатысушыларды тексеру Үй тапсырмасын тексеру Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топқа 16 сөз бар үлестірмелі қағаз беріледі. Соның ішінде тек «Алгоритм» тақырыбына қатысты 8 сөзді анықтайды. Қалған сөздердің бас әріптерінен сөз құрастыру қажет | презентация https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/algoritm-zhane-atqarushy-uhymy |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(20 мин) | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын құру<br>Оқушылардан лабиринтті қайда кездестіргені туралы мысал келтіруін сұрау.<br>Лабиринт – түрлі өткелдер мен жолдар арқылы берілген шатасқан күрделі құрылым. Виртуалды лабиринт  желі арқылы түрлі өткелдер мен қиылыстарды, кедергілерді өту бойынша берілетін ойындар топтамасында, балалар ойындарында көптеп кездеседі. «Тілек айту».<br>- Балалар, біздің машинамыздың жанармайы бітіп қалуға жақын. Бір-бірімізге тілек айтып, бакқа жанармай құйып алайық. Бірінші тілекті былай деп бастаймын...<br>Жорамал жауап: бүгінгі сабақта белсенді болуына тілектеспін. Оқушылар бір-біріне тілек айтады. Соңғы оқушы тілегін айтып, кішкентай машина өзіме қайтарады.<br>-    Ал енді жолға шығайық.  Бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр.Жасыл шам жанғанша, тауыққа, қоянға, динозаврға көмектесіп, мына тапсырманы жұппен орындайық.<br>-Тапсырманы тексеру үшін, басқа жұппен алмасамыз.<br>- Бәріне көмектестік. Жарайсыңдар!!! Міне жасыл шам да жағылды. Ары қарай жылжыйық.<br>Сергіту сәтін өткізу. | |
| Сабақтың соңы<br>(10 мин) | Практикалық жұмыс<br>Оқушыларға алгоритімді жазу барысындағы тестілеудің қажеттілігін түсіндіріңіз. Мұғалім жұмысты бақылайды.  Алгоритмнің дұрыстығын тексеру үшін, тапсырманы орындаған соң тексереміз..<br>Қате табылған жағдайда  оны бірлесе отырып дұрыстаймыз. Нәтижесін сыныппен талқылаймыз.. | https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/algoritm-turleri |
| Рефлексия<br>(3 мин) | Оқушыларға сабақта өткен білімді еске түсіруді ұсыну<br>Оқушылармен ең қиын болған сабақ бөлімін талқылаңыз | |